

Қарағанды қаласы білім басқармасының
Қарағанды қаласы білім бөлімінің
«Ақбота» бөбекжайы коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорыны

Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!



«Адал бөбек»

«Жемқорлыққа жол жоқ».

Әдістемелік құрал (іс тәжірибеден)

Қарағанды 2021ж



Н.А. Ульянова, Г.Н. Есеркеева, Ж.О. Акмолдинаның
«Адал бөбек», «Жемқорлыққа жол жоқ» әдістемелік құралына
ПІКІР

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: «...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу».

Сыбайлас жемқорлық заңға қайшы! Сыбайлас жемқорлық өткен дәуірлерде де, қазіргі заманның да өткір проблемасы. Адам әрқашан адал болуы керек. Болашақта сыбайлас жемқорлықтың болуы көбіне өзімізге және қандай ұрпақ тәрбиелегенімізге байланысты.

Балаларда жас кезінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтарын қалыптастыру біздің басты міндетіміз. Бұл мақсатқа мектепке дейінгі мекемелерде ертегілер көмегімен қол жеткізу оңай. Өйткені, балалар ертегілерді жақсы көреді, сондықтан да сыбайлас жемқорлықтың мәнін ертегі кейіпкері арқылы түсіндіру тиімдірек болады. Әр педагог балалық шақта қалыптасқын мінез-құлық моделі, келешекте түзету қиынға соғатынын біледі, Сондықтан балаларды қолданыстағы нормалар мен заңдарды құрметтеуге тәрбиелеу және белгілі бір дәстүрлерге құрметпен қарауды қалыптастыру ерте жастан бастау маңызды.

Осыған орай, ұсынылып отырған әдістемелік құралда, мектеп жасына дейінгі балалардың сыбайлас жемқорлық туралы түсініктерін қалыптастырып, ақ пен қара ұғымын ажыратуға арналған қызықты сюжеттік-рөлдік ойындар мен ертегілер, әртүрлі әңгімелер берілген. Балаларда ойын барысында «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды қалыптасып, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптасады. Қоғамдық қасіретке әкелетін бұл материалдық құндылықтар дағдарысынан шығу және оны жою дұрыс әрекет етуден туындайтынын ұғынады.

Ұсынылып отырған жинақта, келесі сюжеттік-рөлдік ойындар мен ертегілер, атап айтсақ: «Отбасы», «Мейірімді сөздер айтамыз», «Жаман, жақсы», «Супермаркет ашамыз», «Ғажайып ағаш», «Болады, болмайды», «Керісінше», «Жақсылық зұлымдықты жеңеді», «Таразы», «Мен немен баймын?», «Ақша не үшін керек?» ойындары және «Адал бала», «Бауырсақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы», «Адалдық», «Мен шыншыл баламын», «Бай мен қойшы», «Айлакер түлкі», «Мақта қыз бен мысық», «Әтеш пен тоты», «Адал дос» ертегілері балалардың өзін-өзі бақылау, шыншылдыққа, қиялдай білуге, шапшандыққа, дұрыс шешім қабылдап, әрекет етуді үйретуге жетелейді.

Әдістемелік жинақта мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін сюжеттік-рөлдік ойындардың ерекшеліктері мен артықшылықтары ашып көрсетілген. Сондай-ақ, балалардың ойын материалын меңгергендігі жөнінде объективті ақпарат алу, олардың кемшіліктерін дер кезінде анықтау, педагог пен бала арасында кері байланысты орнату басты назарға алынған.

Ұсынылып отырылған жинақ, қазіргі таңдағы мектепке дейінгі мекемелерде жұмыс істейтін педагогтерге таптырмас көмекші құрал бола алады.

«Адал бөбек», «Жемқорлыққа жол жоқ» атты жинақ, мектепке дейінгі мекемелерде жұмыс істейтін педагогтерге пайдалануға арналған құрал деп есептеймін.

Қазақ ұлттық аграрлық

зерттеу университетінің аға оқытушысы,

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің PhD докторанты



Махамбетова А.Б.